

Б.С. Каримова,
Е.К. Нурланбекова,
А.П. Макашева,
Ж.С. Айлауова*

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда, Қазақстан
E-mail: karimovab72@mail.ru, nur.eriya@mail.ru,
aizhan_mak@mail.ru, ailauovazhazira@gmail.com

Үйде интернационалдандыру негізінде білім алушылардың лингвомәдени құзыреттіліктерін дамыту мәселелері

Аңдатпа. Жоғары кәсіби білім беруді интернационалдандыру білім мен ғылымның сапасын арттыруға бағытталған өзгерістерді көздейді. Халықаралық академиялық ұтқырлық деңгейін арттыру халықаралық ынтымақтасстықтың жаңа формаларының пайда болуына ықпал етеді. Интернационалдандыру бүгінгі студенттердің білімін, құзыреттілігін және дағдыларын дамытуға үлкен мүмкіндік береді. COIL платформасын пайдалану арқылы жергілікті және шетелдік оқытушылардың өзара ынтымақтасстығы және басқа елдің мәдениетімен танысудың жаңа мүмкіндіктері пайда болады. COIL студенттерге халықаралық және көп мәдениетті білім алуға, виртуалды ұтқырлық арқылы білім алмасуға, жоғары білім беру саласындағы ынтымақтасстық, мәдениетаралық құзыреттіліктер мен цифрлық дағдыларды дамыту қабілеттерін шыңдауға жол ашады. Университеттегі интернационалдандыру – бұл білім беру, ғылыми зерттеулер мен білім алмасудағы халықаралық немесе жаһандық ықпалдасу үрдісі.

Мақалада «үйде интернационалдандыру» негізінде студенттердің лингвомәдени құзыреттіліктерін қалыптастырудың жолдары зерттелген. Лингвистика, лингвомәдениеттану, лингвомәдени құзыреттіліктер, интернационалдандыру феномені терминдерін толық түсіну үшін отандық, ресейлік және шетелдік ғалымдар мен зерттеушілердің ғылыми жұмыстарына теориялық және тақырыптық талдау жасалынды. Әдебиет көздерін талдау зерттеу жұмысының маңыздылығын бағалауға, теориялық және әдіснамалық ұстанымдармен негіздеуге мүмкіндік береді. Зерттеу тобымен қарастырылған ғылыми әдебиеттер алдағы практикалық жұмыстарға септігін тигізеді.

Түйін сөздер: үйде интернационалдандыру, білім беру, лингвомәдениеттану, лингвомәдени құзыреттілік, COIL.

Қаржыландыру туралы ақпарат: бұл мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан (AP14872046 «Жоғары білім беруді интернационалдандыру негізінде білім алушылардың лингвомәдени құзыреттіліктерін дамыту» гранттық жобасы) қаржыландырылған.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-143-2-61-68>

Кіріспе. Жаһандану мен интернационалдану үдерісінің қарқынды даму барысы жоғары білім беру саласының алдына, әлемдік нарықтың өзгермелі жағдайларында тиімді жұмыс істеуге және бәсекеге қабілетті кәсіби мамандарды даярлау міндеттерін қойып отыр.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі отандық жоғары оқу орындарында білім сапасын арттыру үшін қарқынды жұмыс жүргізуде. Қазақстанның білім беру жүйесі халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциялануға бағытталғанын, білім беру қызметтерінің дамуына ықпал ететін отандық университеттердің академиялық еркіндігі мен дербестігін кеңейтуге басты назар аударғанын Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарынан көруге болады.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында: «Қазақстан Орталық Азияда білім беру хабына айналуға ұмтылыс жасайтын болады. Шетел әріптестерімен кеңінен ынтымақтастық: бірлескен білім беру бағдарламаларын енгізу, шетел оқытушыларын, топ-менеджерлер мен студенттерді тарту, ғылыми жобаларды іске асыру, университетті басқаруға әріптестердің қатысуы арқылы болжанады», деп атап көрсетілген [1].

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында: Шетелде оқуға мүмкіндігі жоқ студенттердің шетелдік жоғары білімге қолжетімділікті кеңейтумен қатар, шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары қабылдаушы мемлекеттің халықаралық беделін арттырып, оны инвестициялар, туризм және жоғары білікті кадрлар үшін тартымды етеді және жергілікті университеттермен бәсекелестік тудырады. Интернационалдандыру тұрғысынан қазақстандық жоғары білім беру жүйесінде шетелдік студенттердің, оқытушылардың үлесін ұлғайту, шетелдік жоғары оқу орындарының кемінде 12 кампусын ашу міндеті түр делінген [2].

И н т е р н а ц и о н а л д а н д ы р у д ы ң тағы бір маңызды аспектісі «үйде интернационалдандыру» болып табылады, яғни студенттердің мәдениет аралық құзыреттерін және олардың халықаралық мәнмәтінде ойлау және қызмет ету қабілетін арттыруға мүмкіндік беретін білім беру ортасы мен мазмұнын интернационалдандыру.

Сондықтан Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің оқу үдерісіне «үйде интернационалдандыруды» енгізу, оның маңыздылығы мен өзектілігін көрсетеді.

Зерттеу материалдары және әдістер. Зерттеу әдістері жоба жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес анықталды. Зерттеу жұмысының аясында отандық, ресейлік және шетелдік ғалымдар мен зерттеушілердің ғылыми жұмыстары, ғылыми мақалалары, монография және әдістемелік әдебиеттері жинақталды. Жиналған еңбектерге теориялық және тақырыптық талдау жасалды, сондай-ақ лингвистика, лингвомәдениеттану, лингвомәдени құзыреттіліктер, интернационалдандыру феномені терминдерін толық түсіну үшін ғылыми әдебиеттерге шолу жасалды. Студенттермен лонгитюдті әдісі (longitudinal method) бойынша сауалнама жүргізілді.

Зерттеу жұмысының мақсаты онлайн оқыту арқылы білім алушылардың лингвомәдени құзыреттіліктерін дамыту, тілдік ортаны қалыптастыру, қарым-қатынас, сыни тұрғыдан ойлау, проблемаларды шешу дағдыларын арттыру болғандықтан, теориялық зерттеуімізде тіл мен мәдениет, лингвомәдениеттану құзыреттіліктерінің орны ерекше.

Лингвомәдениеттану, тіл білімі және тіл философиясының тарихында мәдениеттанушы ғалымдар И.Г.Гердер [3] мен В. фон Гумбольдт (1767-1831)[4] еңбектерінің рөлі зор, олар тіл мен оның құрылымдық қасиеті халықтың мәдениетінің қалыптасуына әсер ететіндігі жайында нақты айтқан. Америкалық этнолингвист Э.Сепир Гумбольдттың ілімін жаңа деңгейде жалғастырушы болды [5].

Тіл мен ұлт, тіл мен мәдениет, қазақ лингвомәдениеті мәселелерін зерттеген отандық ғалымдардың (Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, Н.Уәли, С.К.Сәтенова, Ә.Әлметова, Ж.И.Исаева, Ж.И.Сұлтан, З.К.Сабитова, Ж.Г.Смағұлова, Р.Авакова, А.Ислам) еңбектеріне талдау жасалынды.

Тіл, лингвомәдениеттану, лингвистикалық құзыреттілікті қалыптастыруда жалпы коммуникативтік жәнә мәдениетаралық қарым-қатынасты дамытуда отандық және шетелдік ғалымдардың (С.С.Құнанбаева, К.М.Абишева, В.В.Воробьев, А.Вежицкая, В.А.Маслова, В.Н.Телия, С.Г.Тер-Минасова, В.Г.Костомаров, Г.М.Алимжанова,

Н.Д.Гальскова, Р.Ханви, В.И.Постовалова, А.Я.Флиер, Г.Г.Слышкин т.б.) ғылыми еңбектер, монографиялар мен оқу құралдары зерделенді.

Ғалым С.С.Құнанбаева шетел тілін меңгеруде тұлғаның бойында мәдениетаралық қатысымдеңгейін қалыптастыруда мәдениетаралық коммуникативтік компоненттерін: коммуникативтік, әлеуметтік, жеке тұлғаға бағдарланған, стратегиялық, лингвомәдени, концептуалдық, когнитивтік деп бөліп көрсетеді [6, 6-7 бб.].

Әдебиеттерді талдау барысында лингвомәдениеттану құзыретінің «мәдениет» және «қарым-қатынас» ұғымдарымен байланысы ашылды. Көптеген ғалымдардың жұмыстарының негізінде лингвомәдени құзыреттіліктің қалыптасу факторлары қарастырылды. Яғни, лингвомәдени құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін ағылшын тілін оқып үйренушіге өз еліміздің және тілін үйреніп жатқан ел туралы (географиясы, тарихы, мәдениеті, экономикасы және т.б.) белгілі бір білім және де ағылшын тілі иелерінің өмір сүру үлгісі, салт-дәстүрлері жайлы қандай да бір мағлұматтарға ие болуы керек.

Оқу үрдісінде мұндай мүмкіндікті интернет арқылы іске асыруға болады. IT технологиялар тілдік ортаны барынша тез жасауға және оған кіруге мүмкіндік береді, демек тілдің функционалдық принципін жүзеге асыра отырып өзге мәдениетке еруге мүмкіндік жасайды.

Университетте шетел тілін оқытудың негізгі мақсаты коммуникативті, лингвомәдени құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады, яғни болашақ мамандарда шет тілдік қарым-қатынастың практикалық дағдылары қалыптасып, басқа елдердің өкілдерімен мәдениетаралық өзара тиімді әрекеттесу үшін қабілетті және дайын болуы керек. Бұл мәселені студенттердің ұтқырлық бағдарламасы арқылы шешуге болады, сондай-ақ өз білімін аудиторияға жеткізетін оқытушыларды тарту негізінде интернационалдандыру процесіне көптеген студенттерді қамтуға болады [7].

Шет елдердегі білім беруді интернационалдандыру мәселелерін Ф. Альтбах, М. ван дер Венде, Х. де Вит, Дж. Найт, Р. Скотт, Ю.Тайлер және т.б. сияқты бірқатар ғалымдар зерттеумен айналысуда.

Отандық жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесінде интернационалдандыру

ұғымы айтарлықтай жаңа болғандықтан, қалыптасу кезеңінде, сондықтан жоғары білім беруді интернационалдандыру әдістемесі жеткілікті түрде әзірленбеген. Алайда, Қазақстан Республикасының жоғары білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастық мәселесі кең таралған және қазіргі кезеңде көптеген ғалымдар зерттеу жұмысын жүргізуде, атап айтқанда А.Нұрмағамбетов, Р.А.Нұртазина, Л.М.Иватова, Р.Алшанов, Ж.Ерниязова, А.Әшірбеков, Т.Л.Линчевская, С.М.Өмірбаев. Бұл ғалымдар өз еңбектерінде әртүрлі мемлекеттердің білім беру саясатына салыстырмалы талдау жасайды, жоғары білім саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың рөлін атап өтеді, Қазақстан Республикасындағы жоғары білім беруді жаңғыртудың әртүрлі мәселелерін қарастырады [8].

О.Г.Масленникова диссертациялық жұмысында отандық және шетелдік жетекші университеттеріндегі эмпирикалық зерттеулерінің нәтижелерін, білім беруді интернационалдандырудың негізгі шарттарын көрсететін шетелдік сарапшылардың аналитикалық материалдарын талдайды. Талдау көрсеткендей, әлемнің жетекші зерттеу университеттерінің 97%-ға жуығы өздерінің даму стратегияларында білім беруді интернационалдандыруға көңіл бөледі, олардың көпшілігі халықаралық талаптарға сай білім беру сапасын дамыту мәселесін шешу үшін әртүрлі педагогикалық шарттарды пайдаланады [9].

Осы мәселеге арналған әлеуметтік-философиялық еңбектерді талдау арқылы білім беруді интернационалдандырудың төмендегідей негізгі белгілерін көруге болады:

1) университеттердің қызмет аясын олардың ұлттық білім беру жүйесінен тыс кеңейту [10];

2) халықаралық білім беруді және ғылыми байланыстарды дамыту [9];

3) білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге және ғылымды дамыту үшін қолайлы жағдайларды қалыптастыруға ықпал ететін ЖОО қызметін халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру [11, 12];

4) адамдардың қажеттіліктеріне байланысты және ынтымақтастық пен өзара көмекке негізделген құндылықтардың жаңа жүйесін енгізу [13].

1980-2000 жылдардағы интернационалдандыруды ғалымдар «жоғары оқу орындарын алғайтермелейтін қозғалыс заңдылықтарының

бірі», «қазіргі университеттердің маңызды сипаттамаларының бірі», «бірде-бір оқытушы білмейтін қысым» деп сипаттады.

Ғалымдар бұл үдерістің дами беретініне сенімді, сондықтан оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін бірқатар ұсыныстарды көрсетеді. Олардың қатарында шет тілдерін, мәдениетаралық құзыреттіліктерді және жаһандық азаматтық тәрбиені оқытуға ынталандыру; интернационалдандыру бастамаларын тұрақты даму мақсаттарымен байланыстыру; университеттердің қаржылық және сыртқы қызметімен байланысты проблемаларды ғана емес, жоғары білім саласындағы этикалық мәселелерді ескере отырып, интернационалдандырудың анағұрлым инклюзивті түрін дамыту. Соңдай-ақ, ғалымдардың пікірінше, оқу бағдарламалары мен педагогикалық білім беруді интернационалдандыруға көбірек көңіл бөлу қажет: интернационалдандырудың әртүрлі аспектілерін ескеретін (соның ішінде ұлттық, аймақтық және жергілікті) кешенді тәсілге ұмтылу және жаңа технологиялық мүмкіндіктерді пайдалану.

Бірлескен халықаралық онлайн оқыту (COIL) – оқытушылар мен студенттерге интернет арқылы халықаралық деңгейде құрдастарымен байланысуға және ынтымақтасуға мүмкіндік беретін оқыту мен оқытудың инновациялық тәсілі. Интернет құралдары мен инновациялық онлайн-педагогиканы қолдана отырып, COIL платформасы оқытушылар мен студенттерге географиялық тұрғыдан алыс жерлерде орналасқан әр түрлі елдердегі құрдастарымен тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

Зерттеу тобы қарастырған ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей COIL платформасы студенттер өзара әрекеттесе алатын, ынтымақтастықта және өздерінің оқуына жауапкершілікпен қарайтын, мәдениетаралық және трансұлттық білім алу мүмкіндіктерін кеңейтетін қосымша оқу тәжірибесін ұсынады.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау. Үйдегі интернационалдандыру негізінде лингвомәдени құзыреттіліктерін дамыту мәселелері жайында алдын-ала білім алушылардан ақпарат алу мақсатында лонгитюдті зерттеу әдісі бойынша сауалнама (pre-test) жүргізілді. Сауалнамаға Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 6B01725-Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру

бағдарламасының 35 білім алушысы қатысты. Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, білім алушылардың жартысына жуығы - 48,6%-ы лингвомәдениет ұғымы жайлы өте аз білегіндігі анықталды. Білім алушылардың басым бөлігінің (82,9%) лингвомәдени құзіреттілік деңгейлері базалық деңгейде екенін, яғни коммуникативтік құзыреттердің шектеуді жиынтығында жүзеге асырылатын басқа лингвомәдениет өкілдерімен (тікелей немесе кітаптар, фильмдер және т.б. арқылы) қарым-қатынас тәжірибесінің ғана бар екенін аңғарамыз. Дегенменде сауалнамаға жауап берген білім алушылардың (60%) лингвомәдени құзіреттілікті - мәдениетаралық коммуникативтік, 17,1%-ы тұлғааралық қарым-қатынас, 14,3%-ы лингводидактикалық, 8,6% – коммуникативтік деп атаған.

Жүргізілген сауалнама қорытындысынан білім алушылар жоғары оқу орнын интернационалдандыруды қалай түсінетінін көреміз: «студенттердің «халықаралық контекст туралы түсінігі мен мәдениетаралық дағдыларын» қалыптастыра отырып, ой-өрісін дамыту және кеңейту» – 37,1%, «халықаралық деңгейдегі үлгілер негізінде жаңартылған білім беру стандарттарын құрастыру және оларды жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына енгізу» – 17,3%, «жоғары оқу орындарының халықаралық бағытта дамуы» – 14,3%, «әртүрлі оқыту құралдары негізінде институционалдық және бағдарламалық сияқты ұтқырлықтың түрлерін енгізу» – 14,3%, «жоғары білім және зерттеулер саласында халықаралық бәсекеге қабілеттілікті нығайту» – 2,9% және 14,3%-ы жауап беруге қиналған.

Білім алушылар арасында бұрын-соңды үйдегі интернационалдандыру ұғымы қолданылмағандықтан және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті COIL платформасына алғаш рет тіркеліп, енді оқу үдерісінде қолданатын болғандықтан «Сіз үйдегі интернационалдандыру үрдісінде білім алғыңыз келе ме?» деген сұраққа білім алушылардың 40%-ы «білмеймін», 34,3%-ы «иә», ал 25,7%-ы «жоқ» – деп жауап берген. Бірақ барлық дерлік респонденттер үйдегі интернационалдандыру үрдісін пайдалы деп тапқан (88,6%), қалғаны жауап беруге қиналған (11,4%). Сонымен қатар, жоғары білімді «үйден интернационалдандырудың» артықшылықтарына «шетелдік университеттердің академиялық сағаттарын игеру» –

62,9%-ы, «әртүрлі мәдениеттермен танысу» – 51,4%-ы, «бізде жоқ оқу бағдарламаларын игеру» – 40%-ы, «халықаралық тәжірибе арқылы өзіне деген сенімділікті қалыптастыру» – 34,3%-ы, «оқытудың сапалы болуы» – 25,7%-ы, «айтарлықтай артықшылығы жоқ» – 14,3%-ы таңдау жасаған. Ескерте кету керек, әр білім алушыға 3 жауапқа дейін таңдау мүмкіндігі берілген. Үйдегі интернационалдандыру жұмысын жүзеге асыруда білім алушылардың басым бөлігі Zoom платформасын қолданғанды қалайтынын жазған (65,7%).

Зерттеу барысында білім алушыларға Набережные Челны мемлекеттік педагогикалық университетімен онлайн ұтқырлықты жүзеге асыру жұмыстарынан қандай нәтиже күтетінін білу мақсатында сауалнамаға өз ой-пікірлерін жазу ұсынылды. Озық тәжірибе, жақсы білім күтетінін атап көрсеткен.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сәйкес, білім алушылардың басым көпшілігі үйдегі интернационалдандыру үдерісін оң бағалағанымен интернационализация, лингвомәдени күзіреттілік жөнінде білімдері жеткіліксіз, COIL туралы мүлдем ешқандай ақпарат білмейтінін көреміз. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Набережные Челны мемлекеттік педагогикалық университетімен COIL платформасының бағдарламаларына сәйкес онлайн ұтқырлықты жүзеге асырғаннан кейін білім алушылар арасында осы сауалнама қайтадан жүргізіледі, айырмашылықтар мен өзгерістер талданатын болады.

Қорытынды. Үйде интернационалдандыру біздің университетте білім жүйесін жаңашаландырудыңмаңызды бағыты деп есептейміз. Бірлескен халықаралық онлайн оқыту (COIL) оқу ортасының өзгеруіне, студенттерге бірлескен шығармашылыққа арналған кеңістіктер ашып, қазіргі әлемнің өзекті мәселелерін шешу үшін қолайлы ортада ынтымақтастық жасауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, жоғарыда атап өтілген білім беру қызметінің түрлері, студенттердің:

- ой-өрісін кеңейтуге бағытталған екі жақты оқу бағдарламасын құрастыруға;

- ұлтының мәдениеті мен рухани дүниесін айқындап тұратын лингвомәдени бірліктерді меңгеруге;

- өтеқажеттіімдішешімдерқабылдай білу немесе қиын жағдайлардан шығудың жолдарын таба білу сияқты коммуникативтік қабілеттерді қалыптастырып, лингвомәдени күзіреттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, бірлескен онлайн практикалық семинар сабақтар барысындағы қолданылытан түрлі әдістер студенттерге тек қана шетел тілін үйреніп қана қоймай, оны күнделікті тәжірибе алмасуда пайдалана отырып, өздерінің коммуникативтік күзіреттіліктерін, басқа ұлт өкілдерімен танысып, олардың салт-дәстүрімен таныса келе лингвомәдени күзіреттіліктерін дамытады. COIL әдісін пайдалану студенттердің сыни ойлауы мен өз бетінше білім алуын дамытуға, жалпы танымдық ауқымын кеңейтуге құлшынысын арттырады деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000799> (қаралған күні: 20.06.22).
2. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248> (қаралған күні: 20.06.22).
3. Гердер И.Г. Идеи к философии истории человека. – М., 1977. – 231 с.
4. Гумбольдт В. фон. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1984. – 400 с.
5. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. Пер. с англ. и предисл. д-ра филол. наук, проф. А.Е.Кибрика. Изд. 2-е. – М.: Прогресс, 2002. – 656 с.
6. Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттідік білім берудің теориясы мен практикасы. – Алматы: ҚазХҚжӘТУ, 2010 – 324 б.
7. Уширова В.Г. Современные тенденции создания университетской концепции интернационализации // Современные подходы в методике и практике преподавания иностранного языка: материалы и доклады международной конференции. Отв.ред. В.В. Левченко. - Самара: Изд-во Самарского университета, 2016. - 90 с.

8. Мухамбеткалиева Г. Интернационализация высшего образования в контексте двустороннего сотрудничества между РК и ФРГ. // Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии, политологии. - №2 (60), 2017. – С. 317.

9. Масленникова О.Г. Интернационализация образовательных программ в исследовательском университете: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01 – Томск, 2021. -754 с.

10. Акулич М. М. Образование в условиях глобализации // Университетское управление: практика и анализ. - 2005. - № 5. - С. 50-57.

11. Deardoff D. K. Internationalization. In search of Intercultural competence // International Educator, 2006. – P. 13–15.

12. Knight J. Internationalization Remodeled: Definition, Approaches, and Rationales // Journal of Studies in International Education. – 2004. – Vol. 8, № 1. – P. 5–31.

13. De Wit H. An Introduction to Higher Education Internationalisation / H. de Wit. – Milan: Centre for Higher Education Internationalisation (CHEI), Università Cattolica del Sacro Cuore, 2013. – 193 p.

References

1. Qazaqstan Respublikasynyn 2025 zhylga deyingi Strategiyalyq damu zhospary Qazaqstan Respublikasy Presidentinin 2018 zhylgy 15 akpandagy No. 636 Zharlygymen bekitilgen [Strategic Development Plan of the Republic of Kazakhstan until 2025 approved by Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated February 15, 2018, No. 636]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000799> (Accessed: 20.06.22). [In Kazakh]

2. Qazaqstan Respublikasynda zhogary bilimdi zhane gylymdy damytudyn 2023-2029 zhyldarga arналған tuzhyrymdamasy. Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2023 zhylgy 28 nauryzdagy № 248 Qaulysy [Concept for the Development of Higher Education and Science in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2023 No. 248]. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248> (Accessed: 20.06.22). [In Kazakh]

3. Gerder I.G. Idei k filosofii istorii cheloveka [Ideas for the Philosophy of Human History] (Moscow, 1977, 231 p.). [In Russian]

4. Gumboldt V. von. Izbrannye trudy o yazykoznaniyu [Selected works on Linguistics] (Progress, Moscow, 1984, 400 p.).

5. Sepir E. Izbrannye trudy po yazykoznaniyu i kul'turologii [Selected works on linguistics and cultural studies]. Translated from English and preface by Dr. Phil. sciences, prof. A.E.Kibrik. Ed. 2nd (Progress, Moscow, 2002, 656 p.). [In Russian]

6. Kunanbayeva S. S. Qazirgi shettildik bilim berudin teoriyasy men praktikasy [Theory and practice of modern foreign education] (Almaty, 2010, 324 p.). [In Kazakh]

7. Upirova, V. G. Sovremennye tendencii sozdaniya universitetskoj koncepcii internacionalizacii [Modern trends in the university concept of internationalization], Sovremennye podhody v metodike i praktike prepodavaniya inostrannogo yazyka: materialy doklady mezhdunarodnoj konferencii [Modern approaches in the methodology and practice of teaching a foreign language: materials and reports of the international conference]. Ed. by V.V. Levchenko (Publishing House of Samara University, Samara, 2016, 90 p.). [In Russian]

8. Mukhambetkaliyeva, G. Internacionalizaciya vysshego obrazovaniya v kontekste dvustoronnego sotrudnichestva mezhdru RK i FRG [Internationalization of higher education in the context of bilateral cooperation between Kazakhstan and Germany]. Vestnik KazNU. Seriyafilosofii, kul'turologii, politologii [Bulletin of KazSU. Philosophy, Cultural Studies, Political Science Series], 2 (60), 317 (2017). [In Russian]

9. Maslennikova O.G. Internacionalizaciya obrazovatel'nykh rogram v issledovatel'skom universitete [Internationalization of educational programs at a research university]. Dissertation of the Candidate of Pedagogical Sciences: 13.00.01 (Tomsk, 2021, 754 p.). [In Russian]

10. Akulich M. M. Obrazovanie v usloviyakh globalizacii [Education in the context of globalization] Universitetskoe upravlenie: praktika i analiz [University management: practice and analysis], 5, 50-57 (2005). [In Russian]

11. Deardoff D. K. Internationalization. In search of Intercultural competence / D. K. Deardoff. – International Educator, 13-15 (2006). [In Russian]

12. Knight J. Internationalization Remodeled: Definition, Approaches, and Rationales / J. Knight, Journal of Studies in International Education, 1 (8), 5-31 (2004).

13. De Wit H. An Introduction to Higher Education Internationalisation / H. de Wit. (Centre for Higher Education Internationalisation (CHEI), Università Cattolica del Sacro Cuore, Milan, 2013, 193 p.).

Б.С.Каримова, Е.К.Нурланбекова, А.П.Макашева, Ж.С.Айлауова
Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан

Проблемы развития лингвокультурных компетенций обучающихся на основе интернационализации дома

Аннотация. Интернационализация высшего профессионального образования предполагает изменения, направленные на улучшение качества образования и науки. Повышение уровня международной академической мобильности способствует возникновению новых форм международного сотрудничества. Интернационализация предоставляет большие возможности для развития знаний, компетенций и навыков современных студентов. Путём использования платформы COIL появляются новые возможности для сотрудничества местных и зарубежных преподавателей и знакомства с культурой другой страны.

COIL позволит студентам получить международное и мультикультурное образование, обменяться знаниями через виртуальную мобильность, откроет путь к развитию способности к сотрудничеству, межкультурных компетенций и цифровых навыков в сфере высшего образования. Интернационализация в университете – это вектор направления к международной или глобальной интеграции в образовании, научным исследованиям и обмену знаниями.

В статье исследуются пути формирования лингвокультурных компетенций студентов на основе «интернационализации дома». Для получения комплексного понимания терминов лингвистики, лингвокультурологии, феномена интернационализации был проведен теоретический и тематический анализ научных работ отечественных, российских и зарубежных ученых и исследователей.

Анализ литературных источников позволяет оценить значимость исследовательской работы, обосновать ее теоретическими и методологическими позициями. Научная литература, рассмотренная исследовательской группой, будет способствовать дальнейшей практической работе.

Ключевые слова: интернационализация, образование, лингвокультурология, лингвокультурная компетенция, COIL.

B.S.Karimova, Ye.K.Nurlanbekova, A.P.Makasheva, Zh.S.Ailauova
Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

Development issues of linguistic and cultural student competencies on the basis of internationalization at home

Abstract. Internationalization of higher professional education involves changes aimed at improving the quality of education and science. Increasing the level of international academic mobility influences on the emergence of new forms of international cooperation. Internationalization provides a great opportunity to develop the knowledge, competencies and skills of students. There will be new opportunities for mutual cooperation of local and foreign lecturers and acquaintance with the culture of another country through the Collaborative Online International Learning program (COIL). This is a great way for students to receive international and multicultural education, exchange knowledge through virtual mobility, cooperation in the field of Higher Education, the development of intercultural competencies and digital skills. Internationalization at the university is a process of international or global integration in education, research and knowledge exchange. The article deals with investigation of forming linguocultural competencies of students on the basis of *Internationalization at Home*. A theoretical and thematic analysis of the scientific work of domestic, Russian and foreign scientists and researchers was carried out to fully understand the terms of linguistics, linguoculturology, linguoculturological competencies, the phenomenon of internationalization. The analysis of literature makes it possible to assess the significance of the research work, justify it with theoretical and methodological positions. The scientific literature reviewed by the research group will contribute to further practical work.

Keywords: internationalization, education, linguocultural studies, linguocultural competence, COIL.

Авторлар туралы мәлімет:

Каримова Б.С. – ф.ғ.к., басқарма төрағасы-ректор, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

Нурланбекова Е.К. – п.ғ.к., Шетел тілдері және аударма кафедрасының аға оқытушысы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

Макашева А.П. – п.ғ.к., Шетел тілдері және аударма кафедрасының аға оқытушысы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

Айлауова Ж.С. – докторант, Шетел тілдері және аударма кафедрасының аға оқытушысы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

Karimova B.S. – Candidate of Philological Sciences, Chairman of the Management Board-Rector, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.

Nurlanbekova Y. – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.

Makasheva A.P. – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.

Ailauova Zh.S. – PhD student, Senior Lecturer Senior Lecturer, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.